

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Bolashaq» академиясы

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»



BOLASHAQ
ACADEMY

Est.1996

Қарағанды, 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Bolashaq» академиясы



БЕКІТЕМІН

Ректор, филос.ғ.к., профессор

К.Н.Менлибаев

«31» тамыз 2021 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

Оқыту деңгейі: Бакалавриат

Берілетін дәреже: 6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

6 СБШ бойынша біліктілік деңгейі

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы

Қарағанды, 2021



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 3 беті

Дайындағандар- Академиялық комитет:

- Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы –кафедра меңгерушісі, профессор;
- Кенен Шынасыл Ақашұлы –ф.ғ.к., кафедра доценті,
- Жұмағали Задан Таскалиевич – д.ф.н., кафедра профессоры;
- Исмаилова Райхан Налжигитовна – п.ғ.м.,аға оқытушы;
- Абдрахманов Рүстем Хасенұлы –кафедра доценті,п.ғ.м.;
- Утебаев Нургазы Газизович–«Қарағанды облысы білім басқармасының «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ директоры;
- Көмекбаев Жұмабек Бердібекұлы- «Березняк ЖББОМ» КММ директоры;
- Шайкенова Толкын Даулетовна - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенті.

Білім беру бағдарламасы кафедра мәжілісінде қарастырылды. Хаттама № « 1 » « 24 » тамыз 2021 ж.

Кафедра меңгерушісі

К.3.Сембиев.

Білім беру бағдарламасы ОӘК отырысында қаралды. Хаттама № « 1 » от « 24 » тамыз 2021 ж.

Білім беру бағдарламасының сараптамасы:

1. Қарағанды облысы білім басқармасының «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
2. Қарағанды облысы «Қарағанды қаласының білім бөлімі» ММ «№6 жалпы білім беретін орта мектебі».
3. Қарағанды қаласы әкімдігінің «Қарағанды қаласының «№68 МИ» ЖББ КММ.
4. Ә.Бөкейханов атындағы №76 ЖББОМ.
5. Көпсалалы гуманитарлық-техникалық колледжі.
6. Қарағанды гуманитарлық колледжі.
7. Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі.

6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті» Білім беру бағдарламасы 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС ережелеріне, 2020 жылғы 5 мамырдағы өзгерістер мен толықтырулармен №182 бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелеріне және «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен «Педагог» кәсіби стандартымен сәйкес әзірленген.



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
 нұсқа 01
 күні 31.08.2021 ж.
 35 беттің 4 беті

1 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

Білім беру бағдарламасының мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> - Кәсіби қызметіне қажетті іргелі білім, білік, құзіреттілік қалыптастыру; - Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша тереңдетілген тілдік білімін дамыту; - Тіл және әдебиеттің заманауи тұжырымдамалары мен жетістіктерін, сонымен бірге қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың инновациялық тәсілдерін терең меңгеру; - жалпы адамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық, рухани құндылықтарын қалыптастыру; - ҚР тұңғыш президенті - Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, Қазақстан халықтарының достастығына, толеранттылыққа, ұлтжандылық рухына тәрбиелеу; - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздерін, әлеуметтік саяси білімдер модулін, сондай-ақ экологиялық, дене шынықтыру, этикалық мәдениетін қалыптастыру.
Білім беру бағдарламасы бойынша кадр даярлау бағытының картасы	
Білім беру саласының коды мен атауы	6B01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағытының коды мен атауы	6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»
Бітірушінің біліктілік сипаты	
Берілетін дәреже	6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
Маман лауазымдарының тізбесі	<p>Бакалавр түлегіне 6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі.</p> <p>«Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын бітірген түлектер төмендегідей қызметтер атқара алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі (мектептер мен колледждерде) «Қазақ тілі мен әдебиеті» мұғалімі; - ғылыми-зерттеу (ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер); - әдеби-шығармашылық (әдеби, мәдени мекемелерде, баспа орындарында); - ұйымдастыру-басқару орындарында (жалпы білім беретін мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде, колледждерде, сондай-ақ мамандығына тікелей қатысы бар әр саладағы мекемелерде); - өндірістік-басқарушылық (мемлекеттік органдарда, түрлі кәсіпорын, өндіріс орындарының іс



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 5 беті

	қағаздары мен құжаттау бөлімдерінде) іс қағаздарын жүргізуші; - әдеби кеңесші; - аудармашы.
Кәсіби қызмет саласы	– білім беру қызметі; – эксперименттік-зерттеу қызметі; – ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет; – әлеуметтік-педагогикалық қызмет; – оқу-тәрбие қызметі; – оқу-техникалық қызмет; – ақпараттық қызмет.
Кәсіби қызмет нысаны	6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызмет нысаны: – жекеменшік және ведомстволық тәуелділік формаларына қарамастан, орта білім берудің барлық типтері мен түрлерін ұйымдастыру; – техникалық және кәсіби білім беруді ұйымдастыру.
Кәсіби қызмет функциясы	6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызмет функциялары: – «Мәңгілік ел» жалпыұлттық ойды дамыту және өскелең ұрпақты тәрбиелеу тұрғысында жүзеге асыру; – педагогикалық қызметті ұйымдастыру және дамыту; – мамандығына қатысты ғылыми, әдеби, мәдени шаралар ұйымдастыру болып табылады; – оқу-әдістемелік әдебиеттерді, әдістемелерді зерттеу, талдау, және шығару; – оқу процесі барысында заманауи және ақпараттық техникалық технологиялармен білім беру үдерісін дайындау үшін жүзеге асыру; – өзін-өзі талдау, өзін-өзі жетілдіру үшін кәсіптік және жеке өсуі дағдыларын меңгерту
Кәсіби қызмет түрлері	– білім беру (педагогикалық) – қазақ және орыс тілінде жалпы білім беретін орта мектептер, лицей-гимназиялар, колледждер; – ғылыми-зерттеу (ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер); – әдеби-шығармашылық (әдеби, мәдени мекемелерде, баспа орындарында); – ұйымдастыру-басқару (жалпы білім беретін мектептер, гимназиялар мен лицейлер, колледждер, сондай-ақ мамандығына тікелей қатысы бар әр саладағы мекемелер); – өндірістік-басқарушылық (мемлекеттік органдарда, түрлі кәсіпорын, өндіріс орындарында іс-қағаздары мен құжаттау бөлімдерінде) – әдеби кеңесші.



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
 нұсқа 01
 күні 31.08.2021 ж.
 35 беттің 6 беті

2 Құзыреттілік картасы

Кодтар	Жалпы құзыреттілік	Кодтар	Оқыту нәтижесі
ЖК1	<p>Құзыреттілігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - болашақ маманның дүниетанымын азаматтық және моральдық ұстанымын қалыптастыруға, бәсекеге қабілетті, қазақ (орыс) және шет тілдерінде коммуникациялық бағдарламаларды құруға, табысқа жетуге және кәсіби деңгейге бейімдеуге бағытталған; - білім алушылардың өмірі мен қызметіндегі барлық салаларда заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға үлес қосады; - қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлау мен физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады. - әлеуметтік-саяси модульді (саясаттану, психология, мәдениеттану, әлеуметтану) қалыптастыратын ғылымның барлық салаларының пәндік білімдерін (түсініктерін, идеяларын, теорияларын), түсіндіру және түсіндіру кезінде, өнімнің әлеуметтік-этикалық құндылықтары осы пәндердің негізгі білім жүйелеріндегі интеграциялық процестер. - дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдардың қалыптасуы негізінде болашақ маманның әлеуметтік-мәдени тұлғасының дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттілік жүйесін құрайды; 	ОН1	<p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - лексиканың, грамматикалық жүйенің, ниет білдірудің прагматикалық құралдарының жеткілікті көлемі негізінде қарым-қатынас пен таным мәселелерін шешудің тілдік және сөйлеу құралдарын; - базалық философиялық және әлеуметтік-гуманитарлық категориялар мен тұжырымдамалар, қоғамның тарихи дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтары, Қазақстанның қазіргі тарихы оқиғаларының себептері мен салдарларын; - сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың рухани-адамгершілік механизмдерін, мәдени кодтың жүйесі ретінде белгілерін, мағыналарын, рәміздердің шығу тегі мен мәнін, болмыс тәсілімен анықталған материалдық мәдениет түрі мен қатынасын, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тәсілдерін пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуды; - кәсіпкерлік қызметтің негізгі ұғымдары мен терминдерін, түрлі формадағы кәсіпорынның ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу ерекшелігін; - өлке тарихын, табиғатын, мәдениетін және тұрмысын, дене тәрбиесі мен мәдениетін қалыптастыруды білу керек.
		ОН 1.2	<p>Білуі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қоғамның әлеуметтік құрылымы және стратификациясын; - әлемдік саясат пен қазіргі заманғы саяси процестердің заңдары мен заңдылықтарын; - негізгі психологиялық заңдылықтар, адамның психикалық танымдық процестерін. <p>Меңгеруі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психологияның базалық білімі негізінде түрлі тұлға аралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас салаларындағы жағдайларға баға беру; - осы ғылымдардағы білімді интеграциялық процестердің қазіргі заманғы өнімі ретінде синтездеу;



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
 нұсқа 01
 күні 31.08.2021 ж.
 35 беттің 7 беті

			<ul style="list-style-type: none"> - нақты ғылымды, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік-саяси кластерді зерттеуге арналған ғылыми әдістер мен тәсілдерді қолдана білу; - өзінің моральдық және азаматтық ұстанымын дамыту; - қазақстандық қоғамның іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын пайдалану; - жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін таныту; - әлемде танылған әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнді практикада қолдана білу; - талдаудың әдіснамасын таңдау; - зерттеудің нәтижелерін жинақтай білу; - жаңа білімді синтездеу және оны гуманитарлық әлеуметтік маңызды өнімдер түрінде ұсынуды меңгеруі керек.
ЖК2	Педагогика-психологиялық дайындық әдіснамалық негіз жайлы білім және педагогика категорияларынан тұрады, тұлға дамуы мен әлеуметтану заңдылықтарын; тәрбие мен оқытудың технологиялары, мақсаттары, мәні; өзін-өзі жетілдіруді, жасөспірімдердің анатомиялық-физиологиялық және психикалық даму заңдарын қалыптастырады.	ОН 2	<p>Білуі керек: Педагогика мен психологияның әдіснама негіздерін, категорияларынан тұрады, тұлға дамуы мен әлеуметтану заңдылықтарын;</p> <ul style="list-style-type: none"> - тәрбие мен оқытудың технологиялары, мақсаттары, мәні; өзін-өзі жетілдіруді, жасөспірімдердің анатомиялық-физиологиялық және психикалық даму заңдарын қалыптастыруды; - инклюзивті білім беру үдерісінде баланың дамуын бақылап болжауды, білім берудегі менеджмент негіздерін; - бағалау өлшемдер жүйесін тиімді іске асыру барысында педагогикалық ұжымға қажетті қолдау көрсетуді білуі керек. <p>Меңгеруі керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> - білім беруді ұйымдастырудың педагогика және психологиялық процестерді бақылай білуді; - білім берудегі менеджмент, бағалау өлшемдік технологияларын оқыту мен тәрбиелеудің жеке бағдарламалары негізінде инклюзивті білім беру процесінде оқушылардың даму динамикасын талдай білуді; - сананы жаңғырту аясында өзін-өзі анықтау мен тұлғаны қалыптастыру мақсатындағы қарым-қатынастың себептері мен қажеттілігін талдай білуді меңгеруі керек.
Кодтар	Кәсіби құзыреттіліктер	Кодтар	Оқыту нәтижелері
КҚ3	Құзыреттілігі:	ОН3	Білуі керек:



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
 нұсқа 01
 күні 31.08.2021 ж.
 35 беттің 8 беті

	<p>Қазақ халқының өткен тарихы мен оның жалпы адамзаттық тарихтан алатын орны жөнінде кең көлемді шынайы мағлұмат беру, бұрын орнығып қалған кереғар көзқарастардан тазартылған, жаңа мазмұндағы тәуелсіз ғылыми түсініктер беру, шетел және шетелдегі қазақ әдебиеті, балалар әдебиетімен таныстыру.</p> <p>Жеке тілдің сөздік құрамымен, әлеуметтік топ диалектілерімен, шығармалармен жұмыс істеуді үйретеді.</p>		<p>Шетел, шетелдегі қазақ әдебиеті өкілдерімен танысуды; қазақ халық ауыз әдебиеті ғылымының қалыптасу, даму кезеңдерін; балалар әдебиетінің көркемдік ерекшелігін; әдеби құндылықтарға қатысты әдеби мұраларды зерттеу бойынша әдіс-тәсілдерді қалыптастыруды; сөйлемді байланыстыруды, әңгіме айтуды, шығарма жазуды білу керек.</p> <p>Меңгеруі керек: Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру; адамзат қазынасын ұрпақ бойына сіңіріп, жоғары мәдениетті, парасатты адам етіп тәрбиелеуде шетел, шетелдегі қазақ әдебиеті пәнінің маңызын; қазақ әдебиеті тарихы бойынша құнды жәдігерлерді, ескерткіштерді жан-жақты терең меңгеру, оларға әдеби талдау жасауға дағдылану, тілдік, әдеби ерекшеліктерін сараптауды үйрену.</p>
<p>КҚ4</p>	<p>Құзыреттілігі: Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелерде практика өту арқылы теориялық білімді өздігінен меңгеруге ізденістері артады, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге ұмтылу; әдеби және тілдік ерекшеліктерді ескере отырып пәндік психологиялық-педагогикалық және әдістемелік білімдер жүйесін нақты әлеуметтік-педагогикалық жағдайды ескере отырып, кәсіби қызметте теориялық, практикалық білімдерді қолдана алу дағдыларын қалыптастырады.</p> <p>Әдістеме ғылым екенін және оның негізін салушы ғалымдар жайында толық ақпарат алады.</p>	<p>ОН4</p>	<p>Білуі керек: қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелерде оқу практикасы теория мен практиканы ұштастыру; педагогикалық практикада алған теориялық білім негізінде педагогикалық дағды мен құзіреттілігін қалыптастыруды; қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелерде диплом алды практика бойынша конференцияда практика бағдарламасына сәйкес жалпы және жеке тапсырма алуды; білім бағдарламасы бойынша практика кәсіптік қызметінің түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін оқып зерттеу; теориялық білімдерді бекіту және бұл негізінде кәсіби машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруды;</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі инновациялық әдіс-тәсілдер мен біліктіліктерді тиімді пайдалана білу мен өз бойына сіңіруді; қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік мәселелерін терең меңгертуді; - өзінің келешек кәсібінің әлеуметтік маңызын және мәнін түсінуін; - педагогтың кәсіби парызын ұғыну, педагогикалық қызмет нәтижесіне жауапкершілікпен қарау қабілетінің болуын білуі керек.
<p>КҚ5</p>	<p>Құзыреттілігі: Қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөзжасамдық және синтаксистік құрылымы мен теориялық мазмұнын тереңдету; Іс-тәжірибеде негізгі тіл білімінің салаларын, қазақ тілін, сөз ұғымдары мен оның тіл жүйесіндегі орнын, сөздің морфологиялық, фонетикалық, лексикалық,</p>	<p>ОН5</p>	<p>Білуі керек: Жалпы тіл білімінің мәселелерін білу, тіл мен мәдениеттің қатысын анықтау, мәдени-аралық коммуникациялық рөлін білуі. Қазақ тілінің фонетикалық нормасын, тілдік екпін ерекшелігін, морфемалық және синтаксистік құрылымын білуі.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақ тілінің қазіргі жағдайы, оның басқа білім салаларымен өзара байланыс орната білуі; - Қазақ тілінің даму тарихынан мағлұмат беру дағдысын білу. Қазіргі кезеңде



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 9 беті

<p>сөзжасамдық жасалуын қолдану. Ұлттық әдебиеттің жалпы даму жолы, белсенді кезеңдері, көркемдік-эстетикалық мәселелері жөнінде түсінік қалыптастыру; қазақ халқының тарихы мен адамзат тарихтан алатын орны жөнінде кең көлемді шынайы мағлұмат беру, кереғар көзқарастардан тазартылған, жаңа мазмұндағы тәуелсіз ғылыми түсініктер беру;</p>		<p>қазақ тілін терең оқыту проблемаларын білуі керек. Меңгеруі керек: білім беру бағдарламасының әлеуметтік мәнін түсіну, маманның кәсіби-тұлғалық сапасын жетілдіру, тіл ресурстарын тиімді пайдалануда іргелі лингвистикалық бағыттағы жаһандық мәселелер туралы пайымдауды қалыптастыруды; қазақ тілі саласының негізгі түсініктерін, заңдылықтары мен ережелерін; әдістері мен тәсілдерін меңгеруі керек.</p>
	ОН6	<p>Білуі керек: ұлттық әдебиетіміздің алғашқы өкілдерінен бастап, орта ғасырлардағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылығын, ежелгі дәуір әдебиетінің идеялық-көркемдік жалғастығы мәселелері, жыраулар поэзиясының көркемдік негіздері, әдеби мұралардың тарихилық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндірілу керек. XX ғасырда жазылып, жарық көрген, әдебиеттің тарихы мен процесінде айрықша орны бар көркем шығармалар мен көрнекті қаламгерлердің өмірбаянын, шығармашылық ізденістерін, олар туралы іргелі зерттеулер мен еңбектерді барынша толық қамтуы керек. Меңгеруі керек: қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналарын айқындау, көркем шығармаларды теориялық тұрғыдан талдау, әдебиетті қоғамдық ой-санамен қабаттастыра зерделеу, студенттердің рухани жетілуіне және оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік көзқарасын қалыптастыруға әсерін пайымдау; Білім алушылардың пәндер бойынша алған теориялық білімдерін нығайта отырып, өз мамандығы бойынша ұғым-түсінігін жан-жақты қалыптастыру; қазақ әдебиетінің көркемдік деңгейін, шеберлік аясын айқындау, қазақ поэзиясы мен прозасының даму бағытына баға беруді меңгеруі керек;</p>
	ОН7	<p>Білуі керек: - Әдебиеттануға кіріспе, әдеби шығарма, сөз өнері, көркемдік категориялар жөнінде терең теориялық білім беру; қазақ әдебиетінің негізгі құндылықтарынан сипаттама жасап, насихаттау; әдебиет салалары бойынша жаңашылдыққа қабілетті болу, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге ұмтылу, пәндерге деген ынталылығы мен еңбекқорлығын көрсете білу. -тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері, оның ғылыми негіздері мен құрылымдық жүйелері қысқа түрде білуі; Абайдың өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, тәлім-тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдері, аудармалары мен поэмалары,</p>



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 10 беті

			<p>поэзияға қойған биік мақсаттары, қазіргі абайтанудағы өзекті мәселелерді білуі керек.</p> <p>Меңгеруі керек: ана тілінде ғылыми зерттеудің негізгі әдістері мен тәсілдерін игеру; білімнің тарихи-мәдени, тарихи-әдеби, теориялықлингвистикалық, теориялық-әдеби, герменевтикалық, семиотикалық, эстетикалық және философиялық негіздерін;</p> <p>- отандық әдебиеттанудың негізгі мектептері мен бағыттарын білу; әдеби стиль жасаудың лингвистикалық әдістері мен шығармашылық тәсілдеріне ие болу; лирикалық, драмалық, прозалық көркем мәтін құрудың ұстанымдарына ие болу; көркем және әдеби сыни шығармаларды бағалай алуды;</p> <p>- Абайтану ұлы ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиясы, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасын меңгеруі керек.</p>
КҚ6	<p>Құзыреттілігі: Қазіргі кезеңдегі тіл білімінің негізге ала отырып, мәдени аралық коммуникацияда маңызын арттыру, синтаксис әдістемесін оқытуда жаңа технологияларды пайдалана білу. Тілдік ерекшеліктердің маңызы, тілдік ерекшеліктерді талдау жұмыстары негізінде кәсіби білімді толықтыру, түрлі тілдік аспектілердің серпінді дамуындағы ғылыми-практикалық құндылықтардың маңыздылығын меңгеру; өркениеттің дамуындағы қазақ тілі саласының негізгі нормалары, жаңа тілдік фактілердің пайда болу ерекшеліктері, қоғамдық пікірді қалыптастыру жолдарын игеру.</p>	ОН8	<p>Білуі керек: түрік тілін тыңдау, сөйлеу, жазу және оқу дағдыларын қалыптастыру білім алушының тілді ауызша да, жазбаша да жақсы меңгере білуі;</p> <p>- жалпы әліпби түзу практикасы мен теориясына байланысты фонетика, орфография, емле ережелерін;</p> <p>- аударма шығарманың түпнұсқа мен аудармасының арасындағы ара қатынастардың заңдылықтарындағы ізін табу, аударманың жеке элементтерін барлап байқаудан туған тұжырым, қағидаларды ғылыми негізге сүйеніп қорытындылау және аударма практикасына көмек көрсететін, практик аудармашыға себін тигізетін межені белгілеуді білуі керек.</p> <p>Меңгеруі керек: оқу материалымен танысу, үйренген түрік тілін ара-қатынас құралы ретінде қолдана білу, үйрену және түрік тілінде түсінгенін айтып, еркін сөйлуге талпыну және мәтінде кездесетін таныс емес сөздердің мағынасын түсінуді;</p> <p>- түпнұсқа мен аударманың арасындағы ара қатынас және оны пайымдау мен қорытындылауды керек ететін нақты жайларға көшкен формаларының айырмашылығын;</p> <p>- латын графикасына негізделген қазақ жазуының емле ережесін толық меңгеруі керек.</p>



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 11 беті

		ОН9	<p>Білуі керек: көркем және публицистикалық т.б. түрлі жанрдағы мәтіндерді қазіргі лингвистиканың жаңа зерттеу бағытында талдау; қазақ мәтіндерінің түрлеріне тілдік талдау жасау; мәтінге лингвистикалық талдау арқылы түзетін тілдік бірліктердің ерекшеліктерін айқындауды;</p> <ul style="list-style-type: none">- стилистиканың теориялық негізін, стилдік дағдыларын қалыптастыру, өз бетімен стилдік мәтін үлгілерін құрастыра білу қабілетіне ие болуды;- билингвизм бағытында қазақ және орыс тілдерінің фонетикасы, сөзжасам жүйесі, морфологиясы, синтаксисі салғастырмалы және салыстырмалы түрде білуі керек. <p>Меңгеруі керек:</p> <ul style="list-style-type: none">-мәтіндерді талдаудың теориялық ұстанымдарын меңгеру; тілдік бірліктер мен категориялардың мәтін түзудегі қызметін анықтау; қазақ мәтіндерінің түрлерін анықтау және тілдік талдау жасау- стилистиканың теориялық негізін тілдің грамматикалық заңдылықтарын, негізгі деректерін білу; жаттығулар бойынша лексикалық, грамматикалық, орфографиялық қателерді түзете алуды;- аглютинативті қазақ тілі мен флективті орыс тілінің құрылымындағы айырмашылықтарға байланысты ерекшеліктерін әр сала бойынша салыстыра зерттеуді; қазақ тілінің сөзжасам жүйесінің құбылыстарын меңгеруі керек.
		ОН 10	<p>Білуі керек: Түркологиядағы этимологиялық зерттеулердің теориясы мен практикасы жайында мағлұматты; түркі тілдерінің қалыптасу заңдылықтарын; әлемдегі түркі тіл білімінің дамуын, түркі тілдес халықтардың тарихын және этномәдени дәстүрлерін;</p> <ul style="list-style-type: none">-тілдің синтаксистік жүйесінің тұтастай ерекшелігін танытатын түсінікті қалыптастыру;- жалпы тіл біліміндегі осы заманғы ғылыми концепциялар мен жетістіктер туралы мәліметтерді; тарихи салыстырмалы тіл білімінің аспектілерінің ғылыми-практикалық құндылықтардың маңыздылығын меңгеру;-қазақ әдебиетінің тарихы, проза, поэзия, драма жанрларының дамуы, әдебиет теориясы мәселелерін, әдеби процестің даму бағытын, әдебиеттегі ағым бағыттар, көркемдік әдістер туралы, әдеби мұралардың маңыздылығын білуі керек.

3 Пәндер туралы ақпарат

№	Цикл	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредиттер көлемі	Қалыптасқан құзыреттер (коды)
1	ЖБП/МК	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Қазақстанның қазіргі заман тарихының негізгі мәселелері сөз болады. Қазақстанның қазіргі заман тарихы деректемелері сараланады. Қазақстанның қазіргі заман тарихы түбегейлі мәселелері және олардың қазіргі деңгейдегі ғылыми-зерттеулерімен таныстырады. Бүгінгі қоғамдағы құбылыстарға тарихи тұрғыдан талдау жасалады. Қазақстанның қазіргі заман тарихы адамзат дәуірінің ең ежелгі дәуірінен бастап қазіргі кезге дейінгі кезеңдерімен таныстырады.	5	ЖҚ1/ОН1
2	ЖБП/МК	Философия	«Философия» жалпы білім беру пәнінің жаңартылған мазмұнын зерттеуге, студенттердің бойында сананың ашықтығы, өзіндік ұлттық код, ұлттық сана-сезім, рухани жаңғыру, бәсекеге қабілеттілік, реализм және прагматизм, сыни ойлау, білімге ұмтылыс қасиеттерін қалыптастыруға, олардың әділдік, намыс, еркіндік және тағы басқа дүниетанымдық ұғымдарды игеруіне, сонымен қатар, толеранттық құндылықтарын, мәдениетаралық сұқбат пен бейбіт өмір сүру мәдениетін нығайтуға және дамытуға бағытталған. Ойдың негізгі ағымдарын және бағыттарын, әлеуметтік-гуманитарлық мұраларын, рухани мәдениеттерін игеруге дағдылы болу, философияның тарихын, Қазақстан еліндегі діни экстремизмнің ерекшелігін қарастырады.	5	ЖҚ1/ОН1
3	ЖБП/МК	Қазақ (орыс) тілі	Жалпы білім беретін «Қазақ тілі» пәнін жаңартылған мазмұнда оқып үйренуге және рухани жаңғырудың жалпыұлттық идеясы шеңберінде студенттердің әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған. «Орыс тілі» үш тілділік және ұлттық сананы рухани жаңғырту мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру контекстінде тұлға аралық, әлеуметтік, кәсіби, мәдениетаралық қарым-қатынас салаларында орыс тілінде танымдық және коммуникативтік қызметті жүзеге	10	ЖҚ1/ОН1



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 13 беті

			асыруға қабілетті білім алушының тілдік тұлғасын дамытуға арналған		
4	ЖБП/МК	Шетел тілі	Білім алушыларға шетел тілінің лексикасын мен тілдік ерекшеліктерін игерту және олардың коммуникативтік-функционалды құзыреттіліктерін қалыптастыру, мәдениаралық коммуникация субъектісі болып табылатын жеке тұлғаның мәдениаралық қарым-қатынасқа қабілеттілігін көрсететін, мәдениаралық құзыреттілігін қалыптастыру, шетел тілінде дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру және тілі оқытылатын елдің тілдік және мәдени ерекшеліктерін түсіндіреді.	10	ЖҚ1/ОН1
5	ЖБП/МК	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» жалпы білім беретін пәнінің жаңартылған мазмұнын зерттеуге, сандық жаһандану дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін қалыптастыру, жаңа «сандық» ойлау, әртүрлі қызметтік салада заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.	5	ЖҚ1/ОН1
6	ЖБП/МК	Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (Саясаттану Психология, Әлеуметтану, Мәдениеттану)	Саясаттану - қазіргі білімдер жүйесіндегі саяси ғылымның алатын орны, саясаттанудың қалыптасуы мен дамуы, оның негізгі категориялары, саясаттанудың пәні мен объектісі. Саясаттанудың негізгі парадигмалары мен мектептері. Саяси шынайылықты зерттеу әдістері. Саяси ғылымның ғылыми- танымдық, әдіснамалық және қолданбалы функциялары. Саясаттанудың прагматикалық мәні. Маманды кәсіби дайындау жүйесіндегі саясаттану т.б. қарастырады. Психология - адам туралы ғылымдар жүйесіндегі психологияның орны және міндеттері. Заманауи тұлғаның қалыптасуы мен қоғамдық сананы жаңғырту жағдайындағы психология мен психологиялық білімдердің мәні. Психологияның әдістері. Психология тиімді өмір сүруге ықпал ететін ғылым және практика ретінде (бизнес, спорт, денсаулық сақтау, жарнама психологиясы) т.б. қарастырады. Әлеуметтану - индивид және қоғам. Әлеуметтік орта мен әлеуметтік мінез-құлық. Әлеуметтік қарым-қатынастар мен әлеуметтік	8	ЖҚ1/ОН1,2



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 14 беті

			институттар. Әлеуметтену және бірегейлік. Әлеуметтік шынайылық пен ақыл-ой. Әлеуметтанулық ойлау. Әлеуметтанулық қиял. Әлеуметтанулық перспектива т.б. оқытады. Мәдениеттану - ол әлемдік тарихтағы рухани және материалдық мәдениет мәселелерін, халықтардың діни көзқарастарының қалыптасуын, даму сатылары мен кезеңдерін зерттейді, өнердегі негізгі бағыттармен, өркениет пен мәдениеттің өзара қарым-қатынасымен таныстырады.		
7	ЖБП/МК	Дене шынықтыру	Кәсіби қызметке даярлау үшін, болашақ еңбек қызметінде денелік жүктемелерді, жүйке-психикалық қысымдарды және жайсыз факторларды табанды өткеруге денсаулықты сақтау, нығайтуды қамтамасыз ететін студенттердің әлеуметтік-жеке тұлғалық құзыреттіліктерін және дене шынықтырудың құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттерін қалыптастыру.	8	ЖҚ1/ОН1
8	ЖБП//ЖК	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сияқты ұғымдармен танысып, қазіргі күннің құбылысы ретіндегі сыбайлас жемқорлық және оның тарихи тамырлары туралы мәлімет алады. Тұлғаны сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тұрғысынан тәрбиелеуде отбасының рөліне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің ұлттық негіздеріне, шетелдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға айрықша назар аударылған. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» ұғымы қоғамдық сананың барлық нысандарын қамтиды. Бұл интегративті ұғым, себебі ол өзіне әртүрлі ғылым саласынан ақпаратті сіңіреді, әртүрлі оқу пәндері зерделенеді және ол туралы білімді тұжырымдауда зерттелетін құбылысты түсінудің жаңа деңгейіне шығады.	5	ЖҚ1/ОН1
9	БП/ЖК	Оқушылардың физиологиялық дамуы	Оқушылардың физиологиялық дамуы пәні балалар организмінің, функцияларының жасқа байланысты қалыптасуы мен даму заңдылықтарын зерттейтін. Ол жалпы гигиена, педагогика және психология пәндерімен тығыз байланысты. Оқушылардың физиологиялық дамуы пәні болашақ педагогтарға балалар мен жасөспірімдер ағзасында жасқа байланысты болатын анатомо-физиологиялық ерекшеліктерді білуге үйрету және салауатты өмір	3	ЖҚ2/ОН2



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 15 беті

			салтын қалыптастыру жолдары туралы мағлұмат береді.		
10	БП/ЖК	Педагогика	Педагогика - қоғамның талабына сай өскелең жас ұрпақтың тәрбиелеу, білім беру және оқытудың жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттейді. Барлық жастағы жас ұрпақтың оқуы мен тәрбиесіне ортақ негізгі заңдылықтары мен принциптерін, болашақ мұғалімнің іс-әрекетінің нысаны туралы; заманауи қоғамдағы педагогтың әлеуметтік ұстанымы туралы; негізгі педагогикалық құбылыс мәні туралы (тұлға, мұғалім, тәрбие мен білім беру) білуі. Педагогика пәні бойынша сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының сабақтың-білім беру іс-әрекетін бақылауда педагогикалық білімдерін шығармашылықпен қолдана қарастырады.	5	ЖҚ2/ОН2
11	БП/ЖК	Психология	Психологияның ғылым ретіндегі мәні мен ерекшелігін, оның әдіснамалық негіздерін; қазақстандық және шетелдік психологияның даму кезеңдерін оның заңы мен заңдылықтарын, психологиялық технологиялардың негізгі сипаттамаларын; Психологияда тұлғаны дамыту, тәрбиелеу, қалыптастыру мен әлеуметтендіру процесінің мәні; тәрбиелеу процесінің мәнін, оның мақсатының әлеуметтік негізін қарастырады.	5	ЖҚ2/ОН2
12	БП/ЖК	Білім берудегі менеджмент	Білім берудегі менеджмент пәнін оқудың негізгі міндеті менеджмент тарихы мен теориясын зерттеу; заманауи деңгейде дәстүрлі де, жаңа міндеттерді шешуде педагогикалық менеджменттің мүмкіндіктерін айқындау; ұйымдастырудың ғылыми негіздерімен, басқару әдістері мен қағидаларымен, педагогикалық кеңес және әдістемелік бірлестік жұмыстарымен таныстыру болып табылады.	3	ЖҚ2/ОН2
13	БП/ЖК	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	Бағалаудың өлшемдік технологиялары коммерциялық құрылымдардың экономикаларының негіздерінің білімдерін, ұйымдардың қызметтерінің көрсеткіштерін есептеу әдістемелерін үйрену; қызмет өсімінде қолданылмаған резервтерді іздеу және оларды жүзеге асыру білімдерін меңгеру; Бағалаудың өлшемдік технологиялары ұйымдағы негізгі бизнес-үрдістерді, олардың мақсаттарын; мақсат қою қағидаларын, ұйымдық жоспарлаудың түрлері мен әдістерін т.б. қарастырады.	3	ЖҚ2/ОН2



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 16 беті

14	БП/ЖК	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	Кәсіби қазақ (орыс) тілі пәні мамандыққа сай білімді игеруде тіл үйренушінің жалпы дүние танымын кеңейту, кәсіби құзырылықты қалыптастырушы мамандық бойынша ақпарат алу мақсатында ғылыми әдебиетті қолдана білу дағдысын қалыптастыру, мәтін ақпаратын түсінуді және оның логикалық композициялық негізін және тиісті коммуникативтік тілдік жүйені құра білу мақсатын ұстанады. Кәсіби бағдарлы құжаттарды, хабарламаларды сауатты, дұрыс жазу, аудару қабілетін, ауызекі сөйлеу стилі, көркем әдеби стиль, публицистикалық, ғылыми стильдердің, сондай-ақ кәсіби тілдің қолдану жағдайларын айыра білуге қалыптастыруды.	3	ЖҚ1/ОН1
15	БП/ЖК	Кәсіби бағытталған шетел тілі	Кәсіби бағытталған шетел тілі студенттің жеке қасиеттерін дамытумен, зерделенетін тіл елінің мәдениетін білумен және кәсіби және лингвистикалық білімге негізделген арнайы дағдыларды иеленумен кәсіби-бағдарланған басқа тілде сөйлеуге үйретеді. Студенттерде өз қызмет саласында кәсіби қарым қатынасқа түсу үшін жеткілікті кәсіби қатысымдық тілдік және сөйлеу құзыреттері туралы түсінік қалыптастыру; Кәсіби қызметін табысты жүзеге асыру үшін қажетті тілдік, сөйлеу және дискурстық құзыреттерін жетілдіреді.	3	ЖҚ1/ОН1
16	БП/ЖК	Инклюзивті білім беру	Инклюзивті оқытудың базалық құқық құжаты дамуында қандай да бір ауытқуы бар балаларға нәтижелі көмек құруға, оларды оқыту, тәрбиелеу, еңбекке және мамандыққа даярлау, бала мүгедектігін сауықтыруға бағытталған. Жалпы білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беру арқылы әлеуметтік-педагогикалық кәсіби қызметін дамытып, дарытуға мүмкіндік беретін болашақ мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту.	3	ЖҚ2/ОН2
17	БП/ЖК	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі пәні студенттердің тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістемесі саласындағы білімін, дағдыларын кеңейту, пысықтау, нақты тәрбиелік міндеттерді шығармашылық тұрғыдан шешу, дағдыларды қалыптастырады. Сынып жетекшісінің тәрбиелік іс-әрекет бағыттары мен қызметтерін меңгеру, мектептегі тәрбие үрдісі және оның сипаттамасы туралы білу.	3	ЖҚ2/ОН2



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 17 беті

18	БП/ЖК	Өзін - өзі тану	Өзін-өзі тану пәні адамның рухани мүмкіндіктерін дамыту, байыту; адамгершілік-рухани жағынан бай адамды, мәдениет пен әлеуметтік шығармашылық субъектісін, тұлғаның өзін өзі тану және өзін өзі дамытудың міндеттерін айқындау және мақсат қою, «тану», «өзін өзі тану», «өзін өзі дамыту» ұғымдарын қолдана отырып, педагогикалық және психологиялық әдістерді игереді.	3	ЖҚ2/ОН2
19	БП/ЖК	Кәсіпкерлік қызметтің негіздері	Кәсіптік қызметтің негіздері курсының басты мақсаты ретінде осы саланы зерделеуде қажетті нормалар мен қағидаларды, азаматтық заңдылықтың тәжірибедегі қолданысын қарастыра отырып, ол жайында мағлұмат беруді басшылыққа алу. Кәсіптік қызметтің негізінде практикада алуан түрлі шаруашылық субъектілеріне тән құжаттар, шарттық жобалар мен үлгілерді құра білуді, соттық және нотариалды қорғаудағы құжаттарды толтыруды, нарықтық экономиканың негізгі құралы болып табылатын тауар-ақша қатынастарын реттеу мен дамыту негіздерін жүзеге асырумен, қоғамның кәсіпкерлік қатынастарының қалыптасуы және құқықтық реттелуді қарастырады.	3	ЖҚ1/ОН1
20	БП/ЖК	Өлкетану	Студенттерді туған өлке табиғатымен, өндіріс отындарымен практика жүзінде таныстыру арқылы өз өлкесін сүйеге, қорғауға баулу. Аймақтың тарихы мен мәдениетін білу; әртүрлі картографиялық материалдарды, түрлі әдебиеттерді пайдалана отырып, жергілікті жердің схемалық жоспарын жасауға мүмкіндік береді. Аймақтың тарихы туралы білімді жүйе осы мәселе бойынша талқылауы мүмкін; Студент ұлттық тарихтың бір бөлігі ретінде аймақтың тарихын көруге мүмкіндігі болу, жергілікті деңгейде оқып-үйрену.	3	ЖҚ1/ОН1
21	БП/ЖК	Оқу (танымдық) практикасы	Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелерде оқу (танымдық) практикасының мақсаты оқыту процесінде алынған теориялық білімдерді бекітуді және тереңдетуді, зерттеу қызметінің алғашқы дағдыларына ие болуды, іскерлік хат алмасуды жүргізуді машықтарды қамтитын бастапқы кәсіби құзыреттерді игеру, оқитын мамандыққа сәйкес қызметтің практикалық машықтар мен дағдыларды игеру болып табылады.	2	КҚ4/ОН4



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 18 беті

22	БП/ЖК	Психологиялық-педагогикалық практика	Психологиялық-педагогикалық практика жалпы кәсіптік мен дайындық пәндері бойынша студенттердің теориялық және әдістемелік білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын тереңдетеді; заманауи мұғалімнің тұлғасын қалыптастырады. Практика студенттердің ұйымдастырушылық, коммуникативтік дағдыларын дамытады. Мектеп оқушыларының психологиясы мен тұлғасын, оқытудың дидактикалық негіздерін зерттейді.	2	КҚ4/ОН4
23	БП/ТК	Түрік тілі	Түрік тіліндегі оқылым, тыңдалым, айтылым сөйлеу әрекеттерін, үйренуге қажетті мәтіндер оқудың, жаттығулар жасаудың, аударма жасаудың практикалық дағдыларын қалыптастырады. Диалог және монолог түрінде сөйлеудің дағдысын жетілдіреді; теориялық білімді іс жүзінде қолдана білуге үйретеді.	3	КҚ6/ОН8
	БП/ТК	Түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктері	Түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктері пәні мақсаты – түркі тілдері сипатын, тілдердің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты, терең зерттеу; түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктерінің тақырыптары мен мазмұны бойынша ғылыми негізде, жүйелі білім алуына бағыт беру; туыс тілдердің ерекшеліктерінен кең түрде мәлімет алуларына жағдай туғызу.	3	КҚ6/ОН8
24	БП/ТК	Тіл біліміне кіріспе	Тіл біліміне кіріспе пәні лингвистиканың ғылым ретінде танылуын, тіл білімінің ғылымдар арасында алатын орнын, басқа ғылым салаларымен байланысын, тіл білімінің зерттеу әдістерін қарастырады. Тілдің мәні мен қызметі жайлы, тілдің шығуы мен даму жайында, тілдің фонетика, лексика, грамматика, салалары жайында мәлімет береді.	3	КҚ5/ОН7
	БП/ТК	Қазақ жазуының тарихы	Қазақ жазуының тарихының мәселелерін қазіргі қазақ тілінің негізгі заңдылықтарымен салыстырады. Жазудың шығуы және даму кезеңдерімен танысады. Теориялық білімді іс жүзінде қолдана білу дағдыларын қалыптастыруда қажетті білім алады.	3	КҚ5/ОН7
25	БП/ТК	Әдебиеттануға кіріспе	Әдебиеттануға кіріспе пәнінде әдебиеттанудың болмысы мен бітімі (әдебиет туралы жалпы түсінік, әдебиеттану және оның даму кезеңдері, образ және образдылық); әдеби шығарманың сыры мен сипаты (әдебиеттегі мазмұн мен пішін, көркем әдебиеттің тілі, сөз сарасы); әдеби дамудың мағынасы мен мәні (әдебиеттегі тек пен түр,	3	КҚ5/ОН7



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 19 беті

			әдеби бет пен бағыт) толық сипатталады.		
	БП/ТК	Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы	Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы студенттерге көркем шығармашылықтың және әдебиеттің сөз өнері ретіндегі эстетикалық ерекшеліктерін, негізгі заңдылықтарын, әдебиеттің қоғамдық сана мен өнер түрі ретінде ерекшелігін оқытады.	3	КҚ5/ОН7
26	БП/ТК	Қазақ тілі фонетикасы	Қазіргі қазақ тілі фонетикасы –тіліміздің фонетика саласы бойынша жүйелі теориялық білім береді. Алған білімдерін тәжірибелік дәрежеде пысықтап, толықтырып бекітіп отырады. Фонетика туралы ғылыми-теориялық пән зерттелуге тиісті мәселелеріне байланысты студенттерді ғылыми ізденіске баулуды өзінің міндеті деп санайды.	4	КҚ5/ОН5
	БП/ТК	Әлеуметтік лингвистика	Әлеуметтік лингвистика – тіл мен қоғамдық өмір деректеріндегі себептік байланыстарды зерттейтін тіл білімін меңгерту. Әлеуметтік тіл білімінің негізгі нысаны – тілдің функционалды жағын қарастыру. Басты мәселесі – тілдің қоғамдық табиғатын, әлеуметтік лингвистиканың мәні, тілдің әлеуметтік қызметі, тілдік болмыстың негізгі формалары, тілдің әлеуметтік саралануын, тілдік қалып, тілдік жағдай, тіл саясаты, диглоссия, мультилингвизм, билингвизм, пиджинизация және креолизация процестері.	4	КҚ5/ОН5
27	БП/ТК	Қазақ халық ауыз әдебиеті	Қазақ халық ауыз әдебиеті фольклор, халық даналығы, ауызша сөз өнері, халық поэзиясы ұғымдарынан түсінік береді. Фольклор табиғаты, өмір сүру заңдылықтары, фольклор және ұлт тарихы, фольклор жанрлары, классификациялау принциптерін саралайды. Тұрмыс-салт жырлары, лирикалық өлеңдер, халықтық проза түрлері, эпос, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар фольклоры т.б. мәселелерді қарастырады.	3	КҚ3/ОН3
	БП/ТК	Фольклор тарихы	Фольклор тарихы фольклористиканың өзіндік ерекшеліктерін, жиналып зерттелуін, фольклор тарихы мен жазба әдебиеті арасындағы байланысын, қазақ халық фольклорлық тарихын, диалектология, этнография жайлы білім негіздерін т.б. мәселелерді қарастырады.	3	КҚ3/ОН3
28	БП/ТК	Ежелгі дәуір әдебиеті	Ежелгі дәуір әдебиеті түркі тектес халықтардың ортақ мұрасы. Аталған пән қазақ елінің жеке мемлекет болып қалыптаспаған кезеңіндегі әдеби мұралардың тікелей қазақ халқына қатыстылығын	4	КҚ5/ОН6



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 20 беті

			ашып көрсетеді; тарихи кезең мен көркем шығарма арасын байланыстырады.		
	БП/ТК	Алтын орта дәуіріндегі әдебиет	Алтын орта дәуіріндегі әдеби мұралардың ерекшелігін көрсету жолдарын, сол дәуір әдебиеті негізінде тарихи кезеңді, көркем шығарма арасындағы байланысты, сондай-ақ көркем шығарма жасау жолындағы өзгерістерді танытады.	4	КҚ5/ОН6
29	БП ТК	Латын графикасына негізделген қазақ жазуы	Латын графикасына негізделген қазақ жазуы пәні емле тарихы мен заңдылықтарын, тіл біліміндегі аса маңызды мәселелерін қарастырады. Жаңа әліпбиге негізделген қазақ орфографиясы принциптерін білу саласында ғана емес, ғылымының саласында да қажет. Сауатты жазуға, қазақ жазуының өзіндік ерекшеліктерін сақтауға баулиды.	3	КҚ6/ОН8
	БП/ТК	Емле ережелері	Емле ережелері жазу заңдылықтарына тікелей қатысты негізге мәселелерді меңгертеді. Фонетика, орфография, графика, орфоэпия, тіл мәдениеті, сөзжасам, пунктуация, терминдер, кәсіби сөздер мен диалект сөздерді оқыту бойынша әдістемелік ұсыныстарды қарастырады.	3	КҚ6/ОН8
30	БП/ТК	Қазақ тілі лексикологиясы	Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы пәнінде лексикологияның негізгі салалары: семасиология, этимология, ономастика және фразеология салалары өтіледі. Студенттерге жүйелі ғылыми-теориялық білім беріледі. Қазақ тілінің актив және пассив қабаттары терең ашылады.	4	КҚ5/ОН5
	БП/ТК	Қазақ тілінің фразеологиясы мен семиосологиясы	Қазақ тілінің фразеологиясы мен семиосологиясы пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері. Лексикалық ұғымдар мен оларды меңгерту әдіс – тәсілдер жүйесі. Тілде байқалатын лексикалық қателер және оларды болдырмау жолдары. Тұрақты тіркестерді оқытудың мақсаты мен міндеттері. Фразеологияны меңгерту барысында ұлттық дүниетаным ерекшеліктері қарастырылады.	4	КҚ5/ОН5
31	БП/ТК	XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы	XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы ақын-жыраулар поэзиясындағы азаттық, елдік, ерлік, теңсіздік тақырыптарының табиғатын айқындайды. Ақын-жыраулар мұрасы арқылы халқымыздың өмір-тұрмысына, сайын дала сырларына, ұлттық-рухани мұраттарға назар аударылады. Әдебиет пен ұлттық-рухани мұраттарға назар аудара білуге оқытады.	4	КҚ5/ОН6



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 21 беті

	БП/ТК	Халық ақындарының шығармашылығы	Халық ақындарының шығармашылығын зерттеу, оқып-үйренудің әдіснамалық, ғылыми және практикалық мәселелерін айқындайды. Ақындар шығармашылығы қазақ әдебиетінің тарихымен байланысты екенін, адам мен қоғам өміріндегі орны туралы көне дәуір мен қазіргі кезең ойшылдарының пікірлерін саралауды қарастырады.	4	КҚ5/ОН6
32	БП/ТК	Қазақ тілі морфологиясы	Қазіргі қазақ тілі морфологиясы дербес сөздердің грамматикалық мағыналарын, грамматикалық сөз тұлғалардың қызметі мен қалыптасу, даму заңдылықтарын зерттейтін тіл ғылымының саласы.. Пән қазақ тіліндегі грамматикалық мағыналар мен формалар туралы берілетін ғылыми теориялық білімді жүйелі жүргізудің негізгі бағыт-бағдарын қарастырады.	4	КҚ5/ОН5
	БП/ТК	Тілдік қатынас негіздері	Пән тілдік қатынас негіздерінің басты қағидаларын, ережелерін, тілдік қатынас негізінде адам мен адам арасындағы, ұлт арасындағы пікір алмасудың, сөйлесудің, түсінісудің негізгі бағыттары мен жолдарын, тілдік қатынас негіздерінің басты заңдылықтарын дұрыс таныту жолдарын меңгерту оқытады.	4	КҚ5/ОН5
33	БП/ТК	XX ғ. I жарты жылдығындағы қазақ әдебиетінің тарихы	XX ғ. I жарты жылдығындағы қазақ әдебиетінің тарихы пәні әдебиет өкілдерімен, олардың шығармаларымен таныстырады. Ақын-жазушы шеберлігін танытатын шығармалардың әдеби көркемдігі мен құрылысына тереңдеп үңіледі. Шығарманың жанры мен стиліне, тақырыбы мен сюжетіне, композициясы мен тіл көркемдігіне ерекше назар аударылады. Ғылыми пайымдаулар жасай білуге үйретеді.	4	КҚ5/ОН6
	БП/ТК	XX ғ. 40-50 ж.ж. қазақ әдебиеті	XX ғ. 40-50 ж.ж. қазақ әдебиеті ғылымы қанатын кеңге жайып, терең де кемел зерттеулерге қол жеткізді. Осы тұста қазақ әдебиет зерттеу ғылымы белгілі бір арнаға түсіп, зертеудің ғылыми теориялық бағыт-бағдарын айқындай алды. Әдеби зерттеуде айрықша көңіл бөлінген нәрсенің бірі қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесі болды. Осы кезеңдегі қалыптасу жолын енді ғана бастаған қазақ әдебиеттану ғылымын бөліп қарастыру заңды құбылыс.	4	КҚ5/ОН6



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 22 беті

34	БП ТК	Жай сөйлем синтаксисі	Қазақ грамматикасының ауқымды бөлігіне арналған бұл курс сөз тіркесінің теориялық мәселелері, сөйлем мүшелерінің грамматикалық сипаты және жай сөйлемнің құрылымдық типтерін меңгертуге бағытталған. Аталған мәселелердің зерттелуі, қазіргі уақытта орныққан заңдылықтары нормативтік деңгейден ғылыми-практикалық деңгейге дейін ұштастырыла келе, салғастырмалы грамматика негізінде баяндалады.	3	КҚ5/ОН5
	БП/ТК	Қазақ лингвистикасындағы жаңа бағыттар	Тіл білімінің структуралық мәселелері бұл курста жаңа қырынан, функционалдық қырынан, жан-жақты сипатталады. XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басында қазақ лингвистикасында белсенді зерттеле бастаған антропоэзекті парадигма аясындағы ұстанымдар арнайы зерттеушілердің теориялық еңбектерін басшылыққа алу арқылы баяндалады. Мұндай ұстанымдарға қазақ тіліндегі жаңа парадигмалар (когнитивтік және психолингвистикалық аспект, сөйлемнің контекст ыңғайына қарай мүшеленбейтін және үстемелі құрылымдары т.с.с.) жайлы теориялық құны жоғары тұжырымдар жатады.	3	КҚ5/ОН5
35	БП/ТК	Аударма теориясы	Тәжірибелі билингвист мамандар даярлауға бағытталған бұл курста аударманың теориялық мәселелері, атап айтқанда, аударманың түрлері, техникасы, аудармашының құзыреті, аударылымпаздық мәселесі, аударманың толыққандылығы және т.б. оқытылады. Салғастырмалы грамматика теориясы басшылыққа алына отырып, аудару процесінде кездесетін лексикалық әрі грамматикалық, стилистикалық құбылыстар және оларды шешу жолдарының теориялық және практикалық амал-тәсілдері көрсетіледі.	5	КҚ6/ОН8
	БП/ТК	Аударматану лингвистикасы	Аталған курста аударманың тарихы, өз алдына жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуы, түрлері, бұрынғы және қазіргі тәжірибеде орын алып жататын проблемалар және олардың себеп-салдары танымдық (когнитивтік) аспектіде меңгертіледі. Аударма мәтін құрау үшін билингвист болумен қатар лингвистика теориясы мен практикасын прагматикалық деңгейде білудің қажеттілігі баяндалады. Аударматану лингвистикасы отандық және шетелдік тілші-ғалымдардың аудармаға қатысты лингвистикалық тұжырымдарын	5	КҚ6/ОН8



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 23 беті

			негізгі тірек ретінде ұстанады.		
36	БП/ТК	Қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті және стилистикасы	Қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті және стилистикасы пәні көпшілік мойындаған тілдік дағдының дұрыстығы, сөз шеберлігі арқылы талапқа сай көркемдегіш амал-тәсілдерін, қолданылу аясын реттейді. Тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдерді қолдану принциптерін, сөйлеу процесінде тілді пайдаланудың заңдылықтарын қарастырады. Тілдік амал-тәсілдер мен стилистикалық мүмкіндіктер арқылы коммуникативті-прагматикалық, эстетикалық қызметті үйретеді.	3	КҚ6/ОН9
	БП/ТК	Функционалды стилистика	Функционалды стилистика қандай да бір байланыс саласындағы коммуникативті міндетке тәуелді стильдердің пайда болуының алғы шарттары мен себептерін, өзіндік ерекшеліктерін меңгертеді. Стилистика ғылымындағы функционалды стильдердің концепциясын, негізгі бағыттарын, категорияларын, т.б. мәселелерін, негізгі заңдылықтарын дұрыс тани білуге үйретеді., Сөз және мағына жөнінде теориялық білімді іс жүзінде қолдана білу дағдыларын қалыптастырады.	3	КҚ6/ОН9
37	БП/ТК	Түркология	Түркология – түркі тілдерінің тарихы, көне түркі тілі, қазіргі қыпшақ тілдері, түбіртану мәселесі. Түркі тілдерінің даму, қалыптасу кезеңдерін меңгеру. Қазақ халқы өзінің қоғамдық өмірі, тұрмыс-тіршілігі, қарекет-кәсібі, дүниетанымы мен наным-сенімі, қуаныш-қайғысы, арман-үміті және т.б. жайында сан алуан түрлі тасқа жазылған ескерткіштер, түркі халықтарының шежірелері, трактаттары, сөздіктер, т.б. біздің заманымызға жеткен. Мәні терең ежелгі дәуір әдебиет үлгілерін бағалы байлық ретінде сипатын танытып, студенттерге тағылым беру көзделеді.	3	КҚ6/ОН10
	БП/ТК	Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы	Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы пәні мақсаты түркі тілдерінің жалпы сипатын, жеке түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін меңгерту. Аталған тілдердің салыстырмалы грамматикасындағы ерекшеліктердің себебін білу. Салыстырмалы грамматикасы арқылы қазіргі түркі тілдеріне тарихи-салыстырмалы зерттеу жүргізуіне дағдыландыру. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасына қатысты тілдік деректер арқылы ұқсастықтары мен	3	КҚ6/ОН10



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 24 беті

			айырмашылықтарының себебін білуге, түркі тілдеріндегі мұраларды оқып-білуге үйрету.		
38	БП/ТК	XX ғ. II жарты жылдығындағы қазақ әдебиетінің тарихы	XX ғ. II жарты жылдығындағы қазақ әдебиетінің тарихы ұлттық әдебиеттегі көркемдік қуаты, парасат-пайымдауы терең шығармалардың қарастырады. Жанрлық, тақырыптық, тілдік-стильдік, ғылыми-танымдық ерекшеліктері, адам-табиғат қарым-қатынастарын жаңаша талдайды.	4	КҚ5/ОН6
	БП/ТК	Тәуелсіздік жылдардан кейінгі әдебиет	Тәуелсіздік жылдардан кейінгі әдебиеті пәні әдебиетіміздің даму кезеңін, ерекшелігін, алатын орнын айқындай тани білуді қалыптастырады. Жанрлық нысандарын түсіндіру бойынша қазіргі кезде бар теориялық білімдермен ұштастырады. Өзекті мәселелеріндегі шығармашылық процесті, әдеби шығарманың көркемдігі, XX ғасырдың 90-жылдары шеңберіндегі қазақ әдебиетінің идеялық, философиялық, эстетикалық мәні, мазмұны туралы жүйелі түсінік береді.	4	КҚ5/ОН6
39	БП/ТК	Құрмалас сөйлем синтаксисі	Құрмалас сөйлемдердің зерттелу тарихы, классификациясы жайлы баяндай келе, негізгі критерийлері оқытылады. Құрмалас сөйлемді жай сөйлемнен, әсіресе күрделенген сөйлемдерден ажырату жолдары теориялық әрі практикалық тұрғыда меңгертіледі. Курсты оқытуда қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар басшылыққа алынады. Нормативтік деңгейдегі білім мен дағды ғылыми-теориялық деңгейге дейін жетілдіріледі. Курс барысында теориялық мәселелермен қоса практикалық фактілерге басымдық беріледі. Сөйлемнің синтаксистік құрылысындағы формалық аналогияны семантикалық жағынан айыра танытуға ден қойылады.	3	КҚ6/ОН10
	БП/ТК	Синтаксистегі сыйыстыру	Грамматикадағы «сыйыстыру» терминінің лингвистикалық сипатын меңгертуге бағытталған бұл курста синтаксистік конструкциялардың және онан шығатын ақпарат мазмұнының сыйыстырылу сипаттары оқытылады. Сыйыстырудың алғышарты ретінде интонация, жалғаулықтар, көптік формасы, есім сөз таптары, пресуппозиция, шартты рай тұлғасының лингвистикалық маңызы жаңа қырынан баяндалады. Аталған терминдік ұғымдардың барлығы курсты меңгертуде лингвистикадағы тілдік үнемдеу құбылысының аясында	3	КҚ6/ОН10



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 25 беті

			түсіндіріледі.		
40	БП/ТК	Қазақ және орыс тілдерінің салғастырмалы грамматикасы	Қазақ және орыс тілдерінің салғастырмалы грамматикасы екі тілдің жүйелік және құрылымдық ерекшеліктері, фонетикасы, сөзжасамы, морфологиясы, синтаксисі туралы жалпы мәлімет береді. Қазақ тілінің синтаксистік жүйесін, сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркесінің ерекшелігін, құрылымын, сөз тіркесінің басқа тілдік бірліктерден айырмашылығын қарастырады.	3	КҚ6/ОН9
	БП/ТК	Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы	Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы пәнінің мақсаты билингвизм аспектісінде – қазақ, орыс тілдерінің грамматикалық құрылысын, лексикалық, дыбыстық жүйесінің айырмашылығын ғана емес, ұқсастығын, әсерін атап өту. Орыс тілді аудиторияларда екі тілдегі өзгешеліктер мен ұқсастықтар қандй деген мәселені түйіндеу.	3	КҚ6/ОН9
41	БП/ТК	XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті	XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті пәні мақсаты – XXI ғасырдың басында ел тәуелсіздігі жағдайындағы дамуға бет бұрған заманауи әдебиетіміздің даму сипатымен таныстыру. Саяси-әлеуметтік өзгерістердің әдеби дамуға әсеріне пайымдау беру. Әдебиетке жаңаша көзқарасты талдау. Тәуелсіз ел әдебиеті арқылы рухани өркендеуімізді жаһандық деңгейде танытуға бастау екенін оқыту.	5	КҚ5/ОН6
	БП/ТК	Қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері	Қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері курсына еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі әдеби әдіс мәселесінің қайта қаралуымен танысады. Отаршылдық кезең мен кеңес дәуіріндегі тоталитарлық жүйенің көркем әдебиетте реалистік тұрғыда бейнеленуі қарастырылады. Қазақ әдебиеті мен тарихының көкейкесті мәселелері мен- шетел халықтары әдебиеті дамуының қазіргі тенденциялары сөз етіледі.	5	КҚ5/ОН6
42	Беп/ЖК	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні мақсаты – қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру. Студенттерге қазақ тілін оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту. Кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты дамыған, білім нәрімен сусындаған, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы	5	КҚ4/ОН4



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 26 беті

			қалыптасқан кәсіби білікті маман, даярлау.		
43	Беп/ЖК	Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінің ғылыми-теориялық негіздерін сараланады. Әдебиетті оқыту әдістемесінің тарихы, мектептегі әдебиет курсының мазмұны мен құрылысы, көркем шығарманы мектепте оқыту, көркем шығармамен жұмыс істеу кезеңдерін меңгереді. Әдебиет сабағының үлгілері мен түрлері, тәлімгердің білімін есепке алу және бағалау, әдебиет сабағының көрнекілігі, әдебиет бойынша сыныптан тыс оқу және сыныптан тыс жұмыстар, мемлекеттік педагогикалық сараптаманың мән-маңызы сынды негізгі мәселелерді қамтиды. Ал практикалық сабақтарда жылдық, күнтізбелік, тақырыптық сабақ жоспарларын құрып, сабақ өткізіп, талдауға дағдыланады.	3	КҚ4/ОН4
44	Беп/ЖК	Педагогикалық практика	Педагогикалық практика мақсаты – жалпы ғылыми, мәдениеттілік, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерін тереңдету, дағды мен құзіреттілігін қалыптастыру болып табылады. Практика кезінде студенттер теориялық білімдерін бекітеді. Студенттер пән мұғалімі және сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) біртұтас қызметтерін орындауға үйренеді.	6	КҚ4/ОН4
45	Беп/ЖК	Өндірістік-педагогикалық практика	Өндірістік-педагогикалық практика студенттер үшін маңызды оқу үрдісінің бөлімі болып саналады. Практика кезінде студенттер барлық педагогикалық пәндерден алған білімдерін жалпы білім беру мектебінде іс жүзінде қолдану арқылы машықтанады. Студенттерді пән мұғалімі және сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) біртұтас қызметтерін орындауға машықтанады. Практика мақсаты – жалпы ғылыми, мәдениеттілік, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерін тереңдету және теориялық білім негізінде педагогикалық, дағды мен құзіреттілігін қалыптастыру болып табылады.	10	КҚ4/ОН4
46	Беп/ЖК	Дипломалды практика	Дипломалды практика жұмыстың тақырыбын таңдау және нақтылау үрдісін ұйымдастырудан, зерттеу материалын жинақтаудан, негізгі әдебиетті жүйелеуден, жұмыстың жалпы логикасы мен концепциясын анықтаудан, жұмыстың толыққанды жоспарын	5	КҚ4/ОН4



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 27 беті

			құрастырудан, зерттеу жұмысты қолжазбалық нұсқада орындау бойынша студентті ұйымдастырудан құралады. Әрбір студент дипломалды практика бойынша бекіту конференциясында практика бағдарламасына сәйкес жалпы және жеке тапсырма алады. Практика бойынша бекіту конференцияны кафедра меңгерушісі практиканың басталуына дейін бір жұма бұрын өткізеді.		
47	БеП/ТК	Қазақ балалар әдебиеті	Қазақ балалар әдебиетінің жанрлары мен түрлерін, көркемдік бейнелеу құралдары мен тәсілдерін, фольклор мен балалар әдебиетінің байланыстылығын меңгерту. Балалар әдебиетінің өзіне тән ерекшелігін, ықпалы жеткізу. Қазақ балалар әдебиетінің даму тарихы, балаларға арналған алғашқы оқу құралдарының шығуы туралы; балалар әдебиетінің тәрбиелік мәні туралы; қазіргі заман балалар әдебиеті туралы мағлұмат беру.	3	КҚЗ/ОНЗ
	БеП/ТК	Әлем балалар әдебиеті	Әлем балалар әдебиеті пәні мақсаты – классиктер және олардың шығармашылығын меңгеру. Балалар әдебиеті тарихи сабақтастықпен даму жолдарының күрделі белестерін қазіргі әдебиеттану талабы тұрғысынан білу. Әдебиеттің көркемдік және тарихи ойлау жүйесіндегі өзара тығыз байланыс арналарының тарихи жад, тарихи сана қалыптастырудағы биік тұғырын айқындауға дағдылану. Қазақ әдебиетінің тарихынан, орыс әдебиеті тарихынан, әдебиет сынынан, тарихтан, шетел әдебиетінің тарихынан қажетті мағлұмат беру.	3	КҚЗ/ОНЗ
48	БеП/ТК	Сөздікпен жұмыс	Сөздікпен жұмыс тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру, өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді. Жаңа сөздер үйренуге, бұрын білетін немесе түсінбейтін сөздердің мағынасын анықтайды. Сондай-ақ сөздік жұмысы сөйлем құрауға материал береді. Байланыстыра сөйлеу, әңгіме айту, шығарма жазу дағдысын дамытады.	3	КҚЗ/ОНЗ
	БеП/ТК	Қазақ тілінің лексикографиясы	Қазақ тілінің лексикографиясы пәні мақсаты – ғылымның сөздік түзу принциптерін зерттеумен айналысатын саласымен, сөздік жасаудың теориясы, сөздік түзу ісі мен тілдегі сөздіктермен таныстыру. Студенттерге лексикографиялық жұмыстарды жүргізуді, сөздік	3	КҚЗ/ОНЗ



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 28 беті

			жасауда лексикологияны және лексикографияның теориясымен практикасын ұштастыруды үйретеді.		
49	БеП/ТК	Жалпы тіл білімі	Жалпы тіл білімі жүргізілетін тілдік пәндердің бәрінен кейін өтіледі. ББ бойынша алған білімдерін жинақтап, қорытындылау сипатында теориялық білімдерін жетілдіре, тереңдете түсуді көздейді. Жалпы тіл білімі пәнінде филолог-студенттің жалпы лингвистикалық дайындығын тереңдету, тіл білімі ғылымының қалыптасу және дамуын, лингвистикалық мектептердің қалыптасуы жолдарын, лингвистикалық бағыттардың мәнін ұғындыру, лингвистикалық талдау әдістерін қарастырады.	3	КҚ6/ОН10
	БеП/ТК	Тарихи-салыстырмалы тіл білімі	Тарихи-салыстырмалы тіл білімі салыстырмалы-тарихи тәсіл негізінде туыс тілдердің дамуын, салыстырмалы-тарихи грамматика және этимологиялық сөздіктерді қарастырады. Салыстырмалы-тарихи тіл білімі синхрондық нормативті жүйеде жалпы тіл біліміне қарсы қойылады. Тіл білімінде жүйелі білім алуына бағыт беріп, туыстас тілдердің ерекшеліктерінен кең түрде мәлімет алуларына жағдай туғызады.	3	КҚ6/ОН10
50	БеП/ТК	Әдебиет теориясы	Әдебиет теориясы пәні көркем әдебиет заңдылықтарын эстетика, психология, мәдениеттану, семиотика ғылымдарының жетістіктерімен бірлікте қарастырады. Оқыту барысында әдебиет теориясының ғылым ретінде қалыптасу кезеңдері, ғылыми мектептердің ерекшеліктері, өнер салалары мен әдебиеттің дара сипаттары, танымдық, әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық қасиеттері жан-жақты ашылады. Әдеби үдеріс, стиль, көркемдік әдіс, жанрлар типологиясы толымды тұрғыда зерттеледі. Курстың мақсаты – студенттерді көркем әдебиеттің жаңалық, тектік сипаттарымен бірлікте поэтика, стиль, нысандық бейнелеу жүйесін танып, білуге бейімдеу; шығарманы комплексті талдауға үйрету.	3	КҚ6/ОН10
	БеП/ТК	Әдеби тарихының теориялық негіздері	Әдеби тарихының теориялық негіздері – сөз өнері дамуының ұлттық және жалпы адамзаттық қозғалыстары мәселелерін қамтитын пән. Әдебиет тарихын құрайтын жеке ұлттардың сөз өнері мұраларының пайда болуын, қалыптасуы жолдарын қарастырудың теориялық байыптауларынан, қағидаларынан мағлұмат береді.	3	КҚ6/ОН10



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 29 беті

51	БеП/ТК	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың коммуникативтік-танымдық әдісі	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың коммуникативтік-танымдық әдіс тіл үйренушінің ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасай алуы үшін қажетті коммуникативтік мүмкіндіктерін тудыруға бағытталады. Адам өмірінің түрлі саласына байланысты сөйлеуге үйретуге бағытталады. Сөйлеу мақсатына тиісті грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдардың сөйлеуге қатысу шартын, меңгерген грамматика-лексикалық формаларды автоматты түрде қолдануға машықтандырады.	5	КҚ4/ОН4
	БеП/ТК	Тіл мәдениетін оқыту әдісі	Тіл мәдениетін оқыту әдісі - тілдік норма, сөз қолдану мәдениеті, интонацияның стилистикалық жақтары мен оның компоненттерін қарастырады. Тіл мәдениеті функциональды стиль түрлерін, сөздің экспрессивті-эмоционалды бояуын анықтайды.	5	КҚ4/ОН4
52	БеП/ТК	Қазақ және орыс мектептерінде тіл мен әдебиетті оқытудың инновациялық тәсілдері	Қазақ және орыс мектептерінде тіл мен әдебиетті оқытудың инновациялық тәсілдерімен оқытуды қолдану арқылы білім алушының қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Жаңа әдістерді пайдалану арқылы сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, оқытушының рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми–педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйену, тыңдаушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқытуды ұйымдастыру – пәннің мақсаты болып табылады.	3	КҚ4/ОН4
	БеП/ТК	Қазақ тілі мен әдебиетін орыс мектептерінде оқыту әдістемесі	Қазақ тілі мен әдебиетін орыс мектептерінде оқыту әдістемесінде тілді оқытудың формалары мен мазмұнын, міндеттерін шешуде, әдістемені анықтауда дидактикалық принциптерді басшылыққа алу – негіз болып айқындалады. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың мақсаты — қазақ тілін қатысымдық тұрғыда меңгерту, оқушыны өз ойын айқын, түсінікті жеткізуге үйрету, тілдік қабілеті дамыған дара тұлғаның дамуымен таныстыру.	3	КҚ4/ОН4
53	БеП/ТК	Мәтінмен жұмыс	Мәтінмен жұмыс мәтінді лингвистикалық тұрғыдан сипаттайды.	3	КҚ6/ОН9




«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 30 беті

			Мәтіннің мән-мағынасын тек лингвистикалық нақты бірліктермен ғана емес, солармен қатар сол кезеңдегі түрлі экстралингвистикалық факторлармен де байланыстырады. Мәтіннің элементтерін іріктеу, таңдау арқылы адресатқа дәл, толық ақпарат жететіндей әдіс-тәсілдерге дағдыландырады.		
	Беп/ТК	Көркем мәтінді лингвистикалық талдау	Көркем мәтінді лингвистикалық талдау – өзіндік талдау принциптерін, әдіс-тәсілдерін, аспектілерін айқындайды. Мәтінді лингвистикалық талдау көркем шығарма, ондағы тілдік құралдардың көркем мазмұнды бейнелеуге қатысын қарастырады. Көркем мәтінде қолданылған тілдік құралдардың мағынасын, мәнін, эстетикалық қызметін айқындайды, көркем шығарманы талдаудың жолдары мен әдістерін үйретеді.	3	КҚ6/ОН9
54	Беп/ТК	Шетел әдебиеті	Шетел әдебиеті әдеби кезеңнің тарихи-әлеуметтік жағдайына, тарихи оқиғаларына шолу жасап, әдебиеттің даму тенденциясын байланыстыра көрсетеді. Қайта өрлеу дәуірі мен классицизм әдебиеті өкілдерінің басты шығармаларынан бастау алады. Әлемдік әдебиеттің заңдылықтарын, оған әсер етуші факторларды анықтау мақсат етіледі. Осы уақыттағы көркем әдебиеттің өзінің алдындағы дәстүрлі үрдістерді негізге ала отырып, шетел әдебиетінің дамуын сол елдердегі әдеби бағыттар, ағымдар мен мектептердің генезисін, эволюциясын, сабақтастығын және алмасуын түсіндіреді.	3	КҚ3/ОН3
	Беп/ТК	Шетелдегі қазақ әдебиеті	Шетелдегі қазақ әдебиеті атажұрттағы тұтас қазақ әдебиетінің бір тармағы екендігінен, шетелдегі қазақ диаспорасының қалыптасуы жайынан кең мағлұмат береді. Шет елдерде тұрып жатқан қандас бауырларымыздың көрнекті ақын-жазушыларының шығармаларымен жақын таныстырады. Қазақтың шет мемлекеттерге тарала қоныстануының сыр-сипатын, себеп-салдарын кең ауқымда түсіндіріп, өзекті мәселелердің ғылыми-теориялық болмысына тән белгі, сипаттарымен таныстырады.	3	КҚ3/ОН3

 «Bolashaq» академиясы	Сапа менеджмент жүйесі Білім беру бағдарламасы 6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»	СМЖ ББ-2019 нұсқа 01 күні 31.08.2021 ж. 35 беттің 31 беті
---	--	--

55	Беп/ТК	Абайтану	Абайтану арнайы курс ретінде еліміздің жоғарғы оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламаларында оқытылады. Абай өмірі мен шығармашылығын танудағы, мұрасын жариялаудағы алғашқы қадамдардан бастап кейінгі көркемдік дамуға өрісті ықпал еткен ақындық мектебінің дәстүр ұласуындағы маңызын саралау, ақындық айналасын қарастыру болып табылады.	5	КҚ5/ОН7
	Беп/ТК	Мұхтартану	Мұхтартану жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламаларында оқытылатын ғылыми-теориялық пән. Оқытудың негізгі мақсаты – М.Әуезовтің алғашқы кездегі шығармашылығы мен жазушының кемел жасқа жеткендегі шығармашылығын жан-жақты таныту, қаламгерлік шеберлігін, сөз өнеріне көзқарасын, рухани байланысын ашып көрсету. Жазушы лабораториясының әр қырлылығын шығармалары, аудармалары, мақалалары арқылы таныту, оларды ғылыми теориялық жүйелікте, әдіснамалық байланыста таныстыру.	5	КҚ5/ОН7



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
БВ01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 32 беті

4 Білім беру бағдарламасының мазмұны

	Модуль түрі	Модуль атауы мен шифры	МК/ЖК/ТК	Пәнкоды	Құзырет қалыптастыратын пәндер атауы	ECTСкредиттер көлемі	Сағат саны	Семестр	Бақылау түрі	Қалыптасқан құзыреттер (коды)
1	ЖМ	ТК 01 Тарихи-коммуникативтік	МК	KKZT 1101	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	5	150	1	МЭ	ЖҚ1/ОН1
2			МК	Fil 2102	Философия	5	150	3	Е	ЖҚ1/ОН1
3			МК	K(O)T 1103	Қазақ (Орыс) тілі	10	300	1,2	Е	ЖҚ1/ОН1
4			МК	ShT 1104	Шетел тілі	10	300	1,2	Е	ЖҚ1/ОН1
5			МК	AKT 2105	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	5	150	3	Е	ЖҚ1/ОН1
6			МК	Dsh 1107	Дене шынықтыру	8	240	1,2,3,4	Д/с	ЖҚ1/ОН1
7			ЖК	SZhKMN 1108	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	5	150	2	Е	ЖҚ1/ОН1
8			ЖК	KK (O)T 3206	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	3	90	5	Е	ЖҚ1/ОН1
9			ЖК	KBShT 3207	Кәсіби бағытталған шетел тілі	3	90	6	Е	ЖҚ1/ОН1
10			ЖК	KKN 2211	Кәсіпкерлік қызметтің негіздері	3	90	3	Е	ЖҚ1/ОН1
11			ЖК	OLK 2212	Өлкетану	3	90	4	Е	ЖҚ1/ОН1
1 Модуль бойынша барлығы:						60	1800			
12	ЖМ	ASB 02 Әлеуметтік-саяси білімдер	МК	Saya 1106 Psi 1106 Mad 1106 Ale 1106	Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	8	240	1,1,2,2	Е,Е, Е,Е	ЖҚ1/ ОН1,2
2 Модуль бойынша барлығы:						8	240			
13	ЖМ	РВ 03 Педагогикалық бағыт	ЖК	OFD 3201	Оқушылардың физиологиялық дамуы	3	90	6	Е	ЖҚ2/ОН2
14			ЖК	Ped 2202	Педагогика	5	150	3	Е	ЖҚ2/ОН2
15			ЖК	Psi 2203	Психология	5	150	3	Е	ЖҚ2/ОН2



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
БВ01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 33 беті

16			ЖК	BBM 2204	Білім берудегі менеджмент	3	90	4	Е	ЖҚ2/ОН2	
17			ЖК	BOТ 2205	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	3	90	4	Е	ЖҚ2/ОН2	
18			ЖК	IBB 3208	Инклюзивті білім беру	3	90	5	Е	ЖҚ2/ОН2	
19			ЖК	TZhTA 2209	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	3	90	4	Е	ЖҚ2/ОН2	
20			ЖК	OOT 2210	Өзін-өзі тану	3	90	4	Е	ЖҚ2/ОН2	
3 Модуль бойынша барлығы:						28	840				
21	MM	Комм 04 Коммуникативтік	TK	КНАА 1219	Қазақ халық ауыз әдебиеті	3	90	2	Е	КҚ3/ОН3	
				FT 1219	Фольклор тарихы						КҚ3/ОН3
22			TK	КВА 3206	Қазақ балалар әдебиеті	3	90	6	Е	КҚ3/ОН3	
				ABA 3206	Әлем балалар әдебиеті						КҚ3/ОН3
23			TK	SZH 4307	Сөздікпен жұмыс	3	90	7	Е	КҚ3/ОН3	
				KTL 4307	Қазақ тілінің лексикографиясы						КҚ3/ОН3
24		TK	SHA 4313	Шетел әдебиеті	3	90	7	Е	КҚ3/ОН3		
				SHKA 4313	Шетелдегі қазақ әдебиеті					КҚ3/ОН3	
4 Модуль бойынша барлығы:						12	360				
25	MM	AP 05 Әдістеме және практика	ЖК	O(T)P 1213	Оқу (танымдық) практикасы	2	60	2	Есеп	КҚ4/ОН4	
26			ЖК	PPP 2214	Психологиялық-педагогикалық практика	2	60	4	Есеп	КҚ4/ОН4	
27			ЖК	KTOA 3301	Қазақ тілін оқыту әдістемесі	5	150	5	Е	КҚ4/ОН4	
28			ЖК	КАОА 3302	Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі	3	90	5	Е	КҚ4/ОН4	
29			ЖК	PP 3303	Педагогикалық практика	6	180	6	Есеп	КҚ4/ОН4	
30			ЖК	OPP 4304	Өндірістік-педагогикалық практика	10	300	8	Есеп	КҚ4/ОН4	
31			ЖК	DP 4305	Дипломалды практика	5	150	8	Есеп	КҚ4/ОН4	
32			TK	КТАОКТА 4310	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың коммуникативтік танымдық әдісі	5	150	7	Е	КҚ4/ОН4	
				ТМОА 4310	Тіл мәдениетін оқыту әдісі						КҚ4/ОН4
33			TK	КОМТАОП 4311	Қазақ және орыс мектептерінде тіл мен әдебиетті оқытудың инновациялық тәсілдері	3	90	7	Е	КҚ4/ОН4	
		КТМАОМОА 4311	Қазақ тілі мен әдебиетін орыс мектептерінде оқыту әдістемесі						КҚ4/ОН4		
5 Модуль бойынша барлығы:						41	1230				
34	MM	FZN 06Филологиялық зерттеулер нысаны	TK	KTF 1218	Қазақ тілі фонетикасы	4	120	2	Е	КҚ5/ОН5	
				AL 1218	Әлеуметтік лингвистика						КҚ5/ОН5
35			TK	KTL 2222	Қазақ тілі лексикологиясы	4	120	3	Е	КҚ5/ОН5	
				KTFMS 2222	Қазақ тілінің фразеологиясы мен					КҚ5/ОН5	



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»СМЖ ББ-2019
нұсқа 01
күні 31.08.2021 ж.
35 беттің 34 беті

				семиосологиясы							
36			TK	KTM 2224	Қазақ тілі морфологиясы	4	120	4	E	КҚ5/ОН5	
				TKN 2224	Тілдік қатынас негіздері					КҚ5/ОН5	
37			TK	ZHSS 3226	Жай сөйлем синтаксисі	3	90	5	E	КҚ5/ОН5	
				KLZHB 3226	Қазақ лингвистикасындағы жаңа бағыттар					КҚ5/ОН5	
38			TK	EDA 2220	Ежелгі дәуір әдебиеті	4	120	3	E	КҚ5/ОН6	
				AODA 2220	Алтын орта дәуіріндегі әдебиеті					КҚ5/ОН6	
39			TK	XV-XIX GKAT 2223	XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы	4	120	4	E	КҚ5/ОН6	
				HASH 2223	Халық ақындарының шығармашылығы					КҚ5/ОН6	
40			TK	XX I ZHKAT 3225	XX ғ. I жарты жылдығындағы қазақ әдебиетінің тарихы	4	120	5	E	КҚ5/ОН6	
				XX 40-50 KA 3225	XX ғ. 40-50ж.ж. қазақ әдебиеті					КҚ5/ОН6	
41			TK	XX II ZHKAT 3230	XX ғ. II жарты жылдығындағы қазақ әдебиетінің тарихы	4	120	6	E	КҚ5/ОН6	
				TZHKA 3230	Тәуелсіздік жылдардан кейінгі әдебиет					КҚ5/ОН6	
42			TK	XXI GKA 4233	XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті	5	150	7	E	КҚ5/ОН6	
				KAOM 4233	Қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері					КҚ5/ОН6	
43			TK	TBK 1216	Тіл біліміне кіріспе	3	90	1	E	КҚ5/ОН7	
				KZHT 1216	Қазақ жазуының тарихы					КҚ5/ОН7	
44			TK	AK 1217	Әдебиеттануға кіріспе	3	90	1	E	КҚ5/ОН7	
				KAGT 1217	Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы					КҚ5/ОН7	
45			TK	Ab 3314	Абайтану	5	150	6	E	КҚ5/ОН7	
				Muh 3314	Мұхтартану					КҚ5/ОН7	
6 Модуль бойынша барлығы:						47	1410				
46	MM	AK 07 Әлеуметтік-коммуникативтік	TK	TT 1215	Түрік тілі	3	90	1	E	КҚ6/ОН8	
				TTDE 1215	Түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктері						КҚ6/ОН8
47			TK	LGNKZH 3221	Латын графикасына негізделген қазақ жазуы	3	90	5	E	КҚ6/ОН8	
				EE 3221	Емле ережелері						КҚ6/ОН8
48			TK	AT 4227	Аударма теориясы	5	150	7	E	КҚ6/ОН8	



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01703 – «Қазақ және орыс тілінде білім беретін мекемелердегі қазақ тілі мен әдебиеті»

СМЖ ББ-2019
 нұсқа 01
 күні 31.08.2021 ж.
 35 беттің 35 беті

49				AL 4227	Аударматану лингвистикасы					КҚ6/ОН8
			TK	MZH 4312	Мәтінмен жұмыс	3	90	7	E	КҚ6/ОН9
				KMLT 4312	Көркем мәтінді лингвистикалық талдау					КҚ6/ОН9
50			TK	KTSMzhS 3228	Қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті және стилистикасы	3	90	6	E	КҚ6/ОН9
				FS 3228	Функционалды стилистика					КҚ6/ОН9
51			TK	KZhOTSG 3232	Қазақ және орыс тілдерінің салғастырмалы грамматикасы	3	90	6	E	КҚ6/ОН9
				KZhOTSG 3232	Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы					КҚ6/ОН9
52			TK	Tur 3229	Түркология	3	90	5	E	КҚ6/ОН10
				TTSG 3229	Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы					КҚ6/ОН10
53			TK	KSS 3231	Құрмалас сөйлем синтаксисі	3	90	6	E	КҚ6/ОН10
				SS 3231	Синтаксистегі сыйыстыру					КҚ6/ОН10
54			TK	ZhTB 4308	Жалпы тіл білімі	3	90	7	E	КҚ6/ОН10
				TSTB 4308	Тарихи-салыстырмалы тіл білімі					КҚ6/ОН10
55			TK	AT 4309	Әдебиет теориясы	3	90	7	E	КҚ6/ОН10
				ATTN 4309	Әдеби тарихының теориялық негіздері					КҚ6/ОН10
7 Модуль бойынша барлығы:						32	960			
56	ҚА	Att 08 Аттестациялық	КМ		Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе екі кешенді емтихан тапсыру	12	360	8		
8 Модуль бойынша барлығы:						12	360			
Жалпы модуль бойынша:						240	7200			